

**Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 139 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялауды бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 1 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 қаңтарда № 6016 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 68 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 10.03.2021 № 68 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 139 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялауды бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5659 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 26 маусымда жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасындағы "706125,0 мың теңге" деген сандар "526822,0 мың теңге" деген сандармен ауыстырылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Ө. Шөкеев*

*А.Ш. Жетпісбай*

*Ә.Е. Тұрғымбеков*

*С.А. Қалқаманов*

*М.И. Мырзалиев*

*А.С. Сәбитов*

*Ұ.Қ. Тәжібаев*

*А.А. Абдуллаев*

*А.Б. Тасыбаев*

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 139 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялауды бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына